



№29 (2444)
8 шілде 2026 жыл
сәрсенбі

zhanalyk_zharshysy@mail.ru

ЖАНАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Газет 1990 жылдың
1 қаңтарынан бастап шыға бастады

Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті

Құрметті оқырман! Газеттің электрондық нұсқасы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз! <https://zhanalyq-zharshysy.kz>

АПТА АУҚЫМЫНДАҒЫ АҚПАРАТТАР АЛАҢЫ



АУДАН ӘКІМІНІҢ КЕЗЕКТІ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫНДА ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімі Дәлетияр Тоғызбаев тұрғындарды жеке мәселелері бойынша кезекті қоғамдық қабылдау өткізді. Халықпен тікелей жүздесу барысында

азаматтардың өтініштері тыңдалып, көтерілген мәселелердің заң аясында шешілу жолдары жан-жақты талқыланды. Қабылдауға келген тұрғын-

дар негізінен тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жекешелендіру тәртібі және әлеуметтік сипаттағы өзге де мәселелерді көтерді. Әрбір өтініш

іесіне қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме беріліп, тиісті мемлекеттік органдардың құзыреті шеңберінде қаралатындығы жеткізілді.

Аудан әкімі әрбір мәселенің назардан тыс қалмайтынын айтып, жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, құзырет аясында шешілуі мүмкін мәселелер бойынша қажетті жұмыстардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы айқындаған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында өткізілетін мұндай қабылдаулар тұрғындардың өзекті мәселелерін дер кезінде анықтап, билік пен халық арасындағы ашық байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан азаматтардың ұсыныс-пікірлері мен өтініштері ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін маңызды қоғамдық үн ретінде әрдайым назарда болады.

Инстаграмм желілерінен алынды.

ЕЛ ИГІЛІГІ — ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

Ауыл – қазақтың тамыры, ұлттың ұясы. Елдің берекесі мен болашағы да ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігімен өлшенеді. Соңғы жылдары Әйтеке би ауданындағы іргелі округтердің бірі саналатын Аралтоғай ауылдық округінде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған көптеген жобалар жүзеге асып келеді. Жол жөнделіп, жарық орнатылып, көгілдір отын мен ауыз су мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табууда. Әлеуметтік нысандар жаңарып, кәсіпкерлік пен мал шаруашылығының дамуына да кең мүмкіндік жасалуда.

Осынау ауқымды жұмыстардың жүзеге асуы, ауылдың бүгінгі келбеті мен алдағы жоспарлары туралы білу мақсатында Аралтоғай ауылдық округінің әкімі Серік Әбдуәлиқызымен әңгімелескен едік.

– Серік Әбдуәлиқызы, ең алдымен Аралтоғай ауылдық округінің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен ерекшелігіне тоқталып өтсеңіз.

– Аралтоғай ауылдық округі – тарихи терең, еңбек дәстүрі қалыптасқан, экономикалық әлеуеті жоғары ауылдық округтердің бірі. Ақтөбе облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан округ құрамына Аралтоғай, Қияқты, Милы және Ұлғайсын ауылдары кіреді. Бұл ауылдардың әрқайсысының өзіндік тарихы мен қалыптасу жолы бар. Бүгінде округте 1637 тұрғын өмір сүріп, еңбек етуде. Оның ішінде 889 тұрғын округ орталығы саналатын Аралтоғай ауылында тұрады. Халықтың негізгі күнкері көзі

– мал шаруашылығы. Сондықтан ауылдың әр жетістігі тұрғындардың әл-ауқатының артуымен, еңбек адамдарының табысымен тікелей сабақтастық деп есептеймін.

– Халықтың тұрмыс сапасын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі – инфрақұрылым. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылды?

– Расында да, ауылдың көркеюі ең алдымен инфрақұрылымның дамуымен өлшенеді. Соңғы жылдары осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бүгінде Аралтоғай ауылындағы 155 үйдің барлығы табиғи газбен, сапалы ауыз сумен және электр жарығымен қамтылған. Қияқты ауылында да барлық тұрғын үйлер жарыққа қосылып, блокты-модульді су та-



зарту станциясы орнатылды және көгілдір отын берілді. Ұлғайсын ауылы толық газдандырылып, қазіргі таңда ауылшілік су құбырларын тарту жұмыстары жалғасуда. Милы ауылында тұрғындар таза ауыз сумен қамтамасыз етілген, арнайы су тазарту станциясы жұмыс істейді.

– Әлеуметтік нысандардың жағдайы қалай?

– Ауылдың болашағы – білім мен тәрбиеге байланысты. Сондықтан білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Округте төрт мектеп, бір балабақша және үш шағын орталық жұмыс істейді. Соңғы жылдары мектептерді

жаңғыртуға бағытталған нақты жұмыстар жүзеге асырылды. Мәселен, С.Оразалин атындағы орта мектеп пен Қияқтыдағы «Қыналы» мектебі күрделі жөнделуден өтті. Дегенмен Ұлғайсын ауылындағы мектептің жағдайы ерекше назарда тұр. Ғимараттың тозуына байланысты жаңа мектеп салу қажеттілігі бар. Бұл мәселе біздің алдағы маңызды міндеттеріміздің бірі болып қала береді.

– Мәдениет пен спорт саласы да ауыл өмірінің ажырамас бөлігі. Бұл бағыттағы жұмыстарға тоқталсаңыз.

– Ауылдың рухани өмірі мәдениетпен өлшенсе, жастардың болашағы спортпен шындалады. Сондықтан бұл салалар да назардан тыс қалған жоқ. Аралтоғай мен Ұлғайсын ауылдық клубтары жаңартылып, тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетуде. Аралтоғай кітапханасының кітап қоры 15 мыңнан асады. Домбыра, вокал, хор және би үйірмелері жұмыс істейді. 2024 жылы Қияқты ауылында балалар ойын алаңы салынып, биыл шағын футбол алаңының құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта спорт кешенін салу жоспарда бар.

(Жалғасы 3-бетте).



Күй күмбірі – ұлт рухының үні

Ұлттық домбыра күніне орай Әйтеке би ауданында ұлттық өнердің қадір-қасиетін айшықтайтын тағылымды іс-шара ұйымдастырылды. Бабалардан мирас болған асыл мұраны ұлықтаған шарада қасиетті домбыраның күмбірі кең далаға әуелеп, ұлттық рух пен елдік дәстүрдің мәңгілік сабақтастығын тағы бір мәрте паш етті.

Жусанның жұпар иісі аңқыған туған өлке төрінде, тарихи әскерткіш маңында күмбірлеген күй – өткен мен бүгінді жалғаған рухани көпірдей әсер қалдырды. Ұлттық киім киген өнерпаздардың орындауындағы әрбір күй туған жерге деген сүйіспеншілікті, ата-баба аманатына деген құрметті терең сезіндірді.

Домбыра – халқымыздың сан ғасырлық тарихына, тағдырын, болмысын бойына жинаған қасиетті мұра. Оның әрбір қоңыр үні ұлттың жан дүниесін, елдің шежіресін, кең даланың тынысын бейнелейді. Сондықтан ұлттық өнерді дәріптеу – жас ұрпақтың бойына елжандылық пен отансүйгіштік қасиеттерді сіңірудің маңызды тетігі.

Әйтеке би өңірінде де күй өнерінің мектебі қалыптасқан. Ауданнан түлеп ұшқан көптеген өнер иелері ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп,



жас домбырашыларды тәрбиелеуге сүбелі үлес қосып келеді. Бүгінде аудандық саз мектебі мен ауылдық филиалдарда тәрбиеленіп жатқан жас күйшілер халқымыздың асыл мұрасын лайықты жалғастырып келеді.

Ұлттық домбыра күні аясындағы тағылымды шара ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттырып, күй өнерінің мәңгілік жасай беретін рухани қазына екенін тағы бір мәрте айқын көрсетті.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады. Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

О выборах депутатов Курултая Республики Казахстан

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Депутаты Курултая избираются сроком на пять лет.

В состав Курултая входят 145 депутатов, избираемых по партийным спискам в соответствии с Конституционным законом о выборах по территории единого общенационального избирательного округа.

Выборы проводятся на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.

Депутатом может стать гражданин Республики Казахстан, достигший 25-летнего возраста и постоянно проживающий на территории страны последние десять лет.

В партийном списке совокупная доля женщин, молодежи и лиц с инвалидностью должна составлять не менее 30 процентов от общего числа включенных в него лиц.

Политические партии самостоятельно определяют порядок размещения лиц в партийном списке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Әйтеке би аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 1 шілдегі №26/41 қаулысына сәйкес Әйтеке би ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Әйтеке би ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Темірбек Жүргенов ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі 9, 7 бөлме, телефон: 8 (71339) 21-3-01

Комиссия төрағасы – Таласбаев Самат Молдағалиұлы
Төрағаның орынбасары – Өбдіғалиев Әділбек Қалиханұлы
Хатшысы – Рампеилов Серік Әліұлы

Комиссия мүшелері:
Баекешов Қуанышбай Жолдыбайұлы
Қасымқұлова Зауреш Бақшақызы
Мыңжасарова Роза Жолмырзақызы
Уралбаева Қарлығаш Елеусіқызы

Аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:
күн сайын сағат 09:00-18:00, түскі үзіліс сағат 13:00-14:00

Әйтеке би аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сообщение о составе, месте нахождения и времени работы территориальной избирательной комиссии Айтекебийского района

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 1 июля 2026 года №1338 «О назначении выборов в Курултай Республики Казахстан», постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 1 июля 2026 года №26/41 «Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года», сообщаем о составе, месте нахождения и времени работы территориальной избирательной комиссии Айтекебийского района.

Территориальная избирательная комиссия Айтекебийского района

Местонахождение: село Темирбека Жургенова, ул. Ы.Алтынсарина №9, каб. 7, тел. 8 (71339) 21-3-01

Председатель комиссии – Таласбаев Самат Молдағалиевич
Заместитель председателя - Абдигалиев Адильбек Калиханович
Секретарь - Рампеилов Серик Алиевич

члены комиссии
Баекешов Қуанышбай Жолдыбаевич
Қасымқұлова Зауреш Бақшақызы
Мыңжасарова Роза Жолмырзина
Уралбаева Қарлығаш Елеусизовна

График работы избирательной комиссии:
ежедневно с 09:00-18:00 часов, обеденный перерыв с 13:00-14:00 часов

Территориальная избирательная комиссия Айтекебийского района.

Недавно с мобилографом Нурсултаном Бисеновым побывали в ТОО «Кумкудык», где снимали видеоролик о хозяйстве. Там же отсняли выступление директора товарищества Александра Фёдоровича Чемоданова с рассказом о текущих делах, о том, как прошла посевная, и планах на будущее. Сегодня мы публикуем этот материал, подготовленный на основе видеозаписи.

Про историю хозяйства

- 22 марта 1988 года, рассказывает А. Чемоданов, меня избрали в местном клубе на собрании трудового коллектива общим голосованием директором совхоза имени XXII партийного съезда. Прошедшая посевная стала уже 39-ой, для меня в качестве руководителя. Изначально совхоз имени XXII партийного съезда был образован в 1961 году, площадь зерновых культур составляла более 50 тыс. гектаров. Первый директор Петр Николаевич Гусев, прибыл по партийному заданию в составе большой группы коммунистов на освоение целинных и залежных земель из г. Куйбышева, где работал инженером-механиком на авиационном заводе. Начинал заведующим МТМ Байганинской МТС, а затем гл. инженером совхоза «Щербаковский». Директором совхоза проработал 10 лет до 1971 года, затем был назначен начальником Актюбинского райсельхозуправления.

Сменил П. Гусева работавший главным агрономом в этом же хозяйстве Минахмет Хабибуллович Валиуллин, который в 1978 году был назначен директором Актюбинского областного треста по откорму скота. С ним мне пришлось поработать ещё в совхозе «Щербаковский», где он был директором, а я работал главным агрономом. Он очень грамотный специалист, сильный организатор сельскохозяйственного производства, хороший учитель, у него я очень многому научился.


Я всегда говорю, что у своих руководителей в совхозе «Щербаковский» взяла на вооружение три качества: татарскую хитрость от Валиуллина, украинскую доброту от Яковенко Анатолия Харитоновича и жёсткость от Якимова Александра Сергеевича. Всё это вкупе и помогает мне в непростой работе с моим трудовым коллективом ТОО «Кумкудык».

С 1978 по 1985 год директором работал Владимир Алексеевич Карташов, он тоже неплохо работал и много сделал для развития хозяйства. Затем до 1988 года директором совхоза работал Фёдор Николаевич Дуля. С марта 1988 года я возглавил совхоз, который в рыночных условиях был реформирован в АО «Карашатау», ПК (производственный кооператив), затем было образовано ТОО «Кумкудык».

Производственная деятельность

Наше товарищество сегодня успешно осуществляет свою деятельность по производству растениеводческой и животноводческой продукции, является самым крупным хозяйством в Айтекебийском районе. Занимаясь многосторонним про-

изводством, сеем зерновые, содержим крупный рогатый скот, немного лошадей и имеем неплохую кормовую базу: выращиваем суданскую траву, сорго, кукурузу на силос. На месте не стоим, вплотную занимаемся зерновыми культурами, в своё



На фото: передовой механизатор Алексей Терновой

время завезли пшеницу сорта «Саратовская – 70», которую широко возделывали на полях хозяйства. Сорт неплохой, но был недостаток – при выпадении осадков теряет все свои качества. И мы пошли дальше в поиске оптимальных вариантов для возделывания перспективных сортов пшеницы в наших условиях рискованного земледелия.



Александр Чемоданов – директор ТОО «Кумкудык», заслуженный деятель РК:

«Без слаженной работы каждого невозможно достигать высоких производственных показателей»

В Айтекебийском районе был великий агроном, наш учитель Топольсков Геннадий Степанович, который долгие годы не просто работал, а экспериментировал и в своё время он завёз сорт мягкой пшеницы «Саратовская -55». Этот сорт по продуктивности является лучшей пшеницей сильных сортов, по качеству превосходит по числу падений, по натуре, по клейковине. Весь район сеял этот сорт мягкой пшеницы на своих полях.

И вот, продолжая дело нашего учителя Топольскова, мы завезли пшеницу сорта «Саратовская – 74». Этот сорт выводили на основе «Саратовской -55» и он соответствовал всем лучшим показателям сильной пшеницы мягких сортов. Мы работаем с этим сортом третий год, в текущем году купили в Саратов в "Научно-исследовательском институте сельского хозяйства Юго-Востока" 10 тонн семян из питомника размножения третьего поколения. Посеяли более 125 гектаров и думаем её размножить. Это соответствует нашим планам по увеличению производства зерна, обеспечению качественным семенным материалом перспективных сортов.

В ТОО «Кумкудык» одна полеводческая бригада, одна сенокосная бригада. Мы ежегодно заготавливаем до 3500 тонн сена, зерновые полностью сами сеем и убираем. В этом году посеяли зерновые на более 18 тысячах гектарах,



На фото: К. Жулаев и А. Чемоданов на сенокосе

из них 1200 га суданки, 1200 га сорго, 200 га кукурузы на силос, 5000 га подсолнечника. Несмотря на все трудности, мы работаем, двигаемся вперёд.

На данном этапе в животноводстве имеем 1500 голов КРС Абердин-ангусской породы, получаем приплод, в текущем году животноводы немного подвели. Если в прошлом году мы получили от маточного поголовья 600 теллят, то в этом году результат похуже – только 500 теллят. Где то и что, то не сработало, надо анализировать.

В животноводстве мы

много внимания уделяем оздоровлению поголовья, сделали много различных прививок. Только от ящура мы провели три раза прививки скота различными вакцинами и, вроде бы ситуация сложилась неплохая. В перспективе планируем довести маточное поголовье КРС до полутора тысяч голов, завести до 1000 голов овец.

Также в этом году мы решили отгородиться от нашествия сайгаков на поля, приносящих ежегодно колоссальные убытки. Приобрели столбы, металлическую сетку и уже отгородили более 30 км, ещё


такой же объём предстоит выполнить и, думаю, что теперь степная антилопа сайга не принесёт нам большого вреда.

О коллективе товарищества

Коллектив товарищества за эти годы сложился неплохой, дружный и способный решать различные производственные задачи. Много лет трудится в товариществе агроном Галым Журымбай, инженер Берик Айтжан хорошо справляется со своими обязанностями и в прошлом году он был награждён орденом «Курмет». Главный бухгалтер Ботагоз Ержанова и главный экономист Людмила Жиленко возглавляют ответственные участки работы – они грамотные специалисты.

Хочу отметить также бригадира Берика Мамина, у нас есть хорошие механизаторы Марат Балыбеков, Алексей Терновой, братья Малайдаровы. На центральном току успешно трудится Бибит Исагалиев, на сенокосе Кикбай Жулаев, в животноводстве Сапарбек Таурбаев и Есегельды Жулаев, много можно перечислять фамилий передовиков, из которых и сложился за эти долгие годы коллектив ТОО «Кумкудык». Без слаженной работы каждого работника и специалиста невозможно достигать высоких производственных показателей.

Материал подготовил Сергей Генин.



На фото: главные специалисты Берик Айтжан и Самат Макашев



На фото: учёный агроном с многолетним стажем, кандидат сельскохозяйственных наук Галым Журымбай.



Мәлім де беймәлім Манақ батыр

Біздің туған өлкемізде әлі де белгісіз болып келе жатқан тарихи жәдігерлер баршылық. Бағзы заманнан бері қарай күні бүгінге дейін жеткен ұйтам, бейіттердің талайы тозып, құлап қалғанын білеміз. Белгісіз бейіттердің басына орнатылған құлпытастардың талайының бет-бедері өшіп, оқуға жарамсыз күйге ұшыраған.

Алматы қаласында тұратын белгілі зерттеуші-жазушы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Тынышбек Дайрабайдың Ырғыз аудандық «Ырғыз» газетінде (14 қазан, 2025 жыл) «Батыр Манақ болып еді...» деген мақаласы жарияланған еді. Ол осы материалында Манақ батырға байланысты құнды деректер келтіреді. Жетірудің ішінде Керейт руына қарайтын би әрі батыр болған Манақ жөнінде жан-жақты зерделеген.

Әйтеке би ауданымен шектес өңірде мәңгілік дамылдаған Манақ батырдың ағайындары баршылық.

Қызылорда облысының тумасы, зерделі зерттеуші, қаламгер ел тарихын түгіндеу барысында ұланғайыр жұмыстар атқарып, оның отыздың үстінде тарихи және ақын-жыраулар туралы кітаптары оқырманға жол тартты. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Тынышбек Майлыбайұлы Ырғыз өңіріне белгілі тұлғалар жайында көптеген мақалалар жазды. Темірбек Жүргенов туралы «Тұғыры биік тұлға», Алмат Тобабергенов жайында «Алмат Сардар» атты кітаптар шығарды.

Автордың 2005 жылы жарық көрген «Сырдың сырлы сыры» деп аталған кітабына «Манақ батыр» деген зерттеуі енген еді. Осында «Кейбір құжаттарда Манақ батыр мен Қосқұлак бидің 1803 жылдары Орынбор мен Бұхара арасында керуендер жүргізгенін, қарамағындағы Керейт руының 12 бөліміндегі төрт

мың түтінді басқарғаны жазылса, екінші бір дерек көзінде Манақ бидің жаз жайлауы Қарақұм, Ырғыз өзенінің бойы, Қарашатау, қыс қыстауы Сырдария мен Жаңадария өзендерінің жағалаулары, Тұсарлық, Ақтөбе маңдарында болған» деп жазады. Сол зерттеу жарияланған уақыттан бері қарай Тынышбек ағамыз Манақты анықтау мақсатынан айныған жоқ.

Ол кісінің өз қолына тиген 2010 жылғы «Ырғыз» энциклопедиясының 42-ші бетіндегі Ырғыз ауданы бойынша ескі бейіт, молалардың орналасқан жерлері туралы анықтамадан Манақ тамының осы өңірдегі Қалыбай ауылынан 27 шақырымда орналасқанын біледі. Бұл мәлімет 2025 жылы қайтадан жаңарып шыққан аудан энциклопедиясына да енгізілді. Тынышбек ағамыз Манаққа қатысты деректерді індете зерттеді. Манақ батыр мәселесіне байланысты маған да жиі хабарласты. Осы ретте Манақ тамы туралы білетін Қалыбай ауылының бірер азаматтарының ағамызбен байланыс жасап, хабарласуына дәнекер болдым.

Өткен жылғы күзде Тынышбек ағаның өтінішімен қасыма Қалыбай ауылының тұрғындары Алдаберген Дербесбаев, Алтынбек Нұрмағанбетовпен бірге Манақ тамын көзбен көріп, басына дұға жасадық. Қалыбадан солтүстік-шығыста биік төбенің басында ағаш үйдің көлеміндей орынды алып жатқан көне мазар жан-жағы мүжіліп, құлаған. Талай тылсым сырды бойына бүккен кесененің ұзақ жылдарға дейін сақталуы кезінде қаланған кірпішінің саласы мықты болғандығын аңғартады.

Алдаберген бұл өңірдің бүге-шігесін жақсы білетіндігі байқалады. - 1977 жылы өкем Айнаш Манақ тамының маңайына қоныстанып, осында мал бақты. Осы төңіректі Манақ, Әшей тамы дейді. Әшей тамы өз алдына бөлек. Манақ тамына қаланған кірпіштерінің ұзақ уақыт сақталуын

балшыққа жылқының қылын араластырып қалағандықтан дегенді естігенмін. Осы қорымға қарама қарсы он шақырымдай жерде Қүсет тамы болушы еді, құлап қалды, - дегенді айтады.

Манақ тамынан батысқа қарай екі шақырымда Нарсүйген деп аталған жерде құлап қалған бейіт басында ескі құлпытас кездесті. Оны фотоға түсіріп алдық.

Тарих деректеріне сүйеніп айтылған тұспалдар шындыққа жанасады. Т.Дайрабайдың «Сырдың сырлы сыры» кітабында жазылған Манақ бидің жаз жайлауы өтті деп көрсетілген Қарашатау мекеніне барар жол да осы тұстан өтеді екен.

Манақ тамына барып келгеннен кейін Ырғыз аудандық тарихи-өлкетану музейіне бас сұғып, көне жәдігерге байланысты ой-пікірімді музей директоры Дархан Мектепбайға және қызметкерлеріне жеткіздім. Манақ батыр туралы деректер аз, әлі де жан-жақты ізденіс жасап, толықтыруды қажет етеді. Десе де бабаларын зерттеуге ықылас танытып отырған батырдың ұрпақтары, өлкетанушылар бар.

Жыр-толғаулардағы Манаққа қатысты мәліметтер, баспасөздегі, әлеуметтік желідегі жарияланымдар назараудартады. Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы Таң ауылында Манақ батырға көше атауы берілген. Осылайша танымал тұлға есімі ел есінде сақталып келеді.

Не болғанда да, Манаққа қатысты зерттеу жұмыстарында сең қозғалды деуге болады. Біздің жергілікті зерделі азаматтарымыз да осынау игілікті іске сергек қараса дейміз.

Марат Мырзалы,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Суретте:
Ұрпақтары Манақ батыр мазары басында.

Сағынышқа айналған сәуле

Эпегия

«Кей адамдардың ғұмыры қысқа болғанымен, олардың артында қалған сағынышы ұзақ болады. Өйткені адам өмірі жылдармен емес, жүректерге қалдырған жылуымен өлшенеді...»

«Ғұмыр қағидаты»

Мына тынымсыз тіршілікте өз қадірін ала-сартпаған адамдар өмірден кеткенімен, уақыт оларды алыстата алмайды. Өйткені ондай жандардың мекені – адамдардың жүрегі. Ал жүректен орын алған адам ұмытылмайды.

Жуырда ғана өмірден өткен Айдана Оразханқызы да мен үшін сондай жан еді.

Кейде телефонымдағы атына көзім түссе, дәл қазір қоңырау шалып:

– «Ағатайым, іздеуді қойдыңыз ғой...» – деп өзінің қоңыр үнімен тіл қататындай болады.

Кейде көшеде жарқ етіп алдымнан шыға келетіндей көрінеді.

Бірақ келмейді...

Сонда ғана өмірдің кейбір үнсіздіктері сөзден де ауыр болатынын түсінесің.

Айдана Оразханқызы небәрі отыз жылдық ғұмырына көп адамның құрметін, ықыласын, алғысын сыйғыза білді. 2016 жылдан бастап Әйтеке би аудандық жастар ресурстық орталығында еңбек етіп, аудан жастарының басын қосқан талай игі бастаманың ұйытқысына айналды. Жастар саясаты саласында абыройлы қызмет атқарды. Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Қамқор» еріктілер тобының белсендісі, «Апапат» партиясы жанындағы жастар қанатының жетекшілерінің бірі ретінде ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты. «Жастар керуені», «Зеренді» секілді республикалық жобаларға қатысып, туған өлкесінің мерейін өсірді. Атқарған еңбегі аудандық, облыстық және республикалық деңгейде лайықты бағаланды.

Алайда Айдананы өзгелерден ерекшелендірген марапаттары емес еді.

Оны қадірлі еткен – адамдық болмысы болатын.

Ол кіммен сөйлессе де кішіпейілдігін жоғалтпайтын. Үлкенге құрмет көрсетуді парызындай көретін. Кішіге қамқор болуды табиғи қасиетіне айналдырған еді. Ұйымдастырушылық қабілетімен талай шараның сәнін келтірді, бірақ ешқашан өзін алға шығаруға ұмтылмады. Қандай іске кірсе де, ең алдымен нәтижесін ойлайтын. Өзінің емес, өзгенің мерейі үстем болғанына қуана білетін.

Сондықтан да оны бірге қызмет еткен әріптестері ғана емес, араласқан, түрлі шарада етене болған аудан жастары да ерекше сыйлайтын.

Мен журналист ретінде аудандық жастар ресурстық орталығымен тығыз байланыста жұмыс істедім. Сол жылдары қызметке жаңадан келген жас маман Айданамен таныстық. Уақыт өте келе қызметтік қарым-қатынасымыз өзара сенімге, шынайы сыйластыққа ұласты. Ол маған әрдайым «Ағатайым» деп сөйлейтін. Мен де оны парасатына сүйенетін, жауапкершілігіне сенетін қарындасымдай қадірледім.

Айдананың бойындағы ең асыл қасиеттің бірі – сенімге адалдығы еді.

Сырт жаққа іссапармен немесе басқа шаруамен шығып кетсем, шұғыл орындауға қатысты жұмыстарымды еш ойланбастан тапсыратынмын.

Өйткені оның жауабы әрдайым біреу болатын.

– «Ағатайым, еш қысылмай шаруаңызды тапсыра беріңіз. Бар жұмысымды кейінге қалдырсам да, сіздің тапсырмаңызды орындаймын. Сіз менің ең қадірлі ағатайымсыз ғой...»

Бұл сөздерді ол сыйайлылық үшін емес, жүрегімен айтатын.

Айтқан уәдесінен тайғанын көрген емеспін. Біреудің сенімін ақтау – оның өмірлік ұстанымы сияқты еді.

Біреудің көңілін қалдырудан қорқатын. Біреудің мәселесін өз мәселесіндей қабылдайтын.

Сондықтан да адамдар оған сенетін.

Ол сенімді ақтайтын.

Біздің әңгіміміз де өзгеше еді. Бірнеше күн хабарласпай қалсақ, міндетті түрде біріміз бірімізді телефонмен болса да, аамандық біліп, іздейтінбіз. Кездесе қалсақ, уақыттың қалай өткенін аңғармай қалатынбыз. Әңгіміміз күнделікті тіршіліктің төңірегінде ғана емес, қоғам, жастар тәрбиесі, елдің ертеңі, өмірдің мәні туралы ербиітін. Жас болғанымен, Айдананың ойы орнықты, пайымы терең еді. Әр мәселеге байыппен қарап, асығыс қорытынды жасамайтын. Оның өмірге деген көзқарасынан үлкендерге тән парасат сезіліп тұратын. Сондықтан да әр кездесуден кейін өзім де бір серпіліп, бір ой түйіп қайтатынмын.

Айдананың ұйымдастырушылық қабілеті де ерекше болатын. Ол адамдарды бұйрықпен емес, жылы сөзімен жұмылдыра білетін. Қандай шара болмасын, әкімнің қабілетін орнымен пайдаланып, істің нәтижелі шығуына күш салатын. Бірақ сол еңбегін ешқашан алға шығармайтын. Көзге көрінуді емес, істің тиынақты орындалуын маңызды санайтын. Оның қарапайымдылығы мен жауапкершілігі көпшіліктің құрметіне бөледі. Кейде адамның абыройын қызметі емес, мінезі қалыптастырады ғой. Айдананың да ел арасындағы беделі дәл осындай қарапайым болмысынан бастау алатын.

Өмір оған да өз бақытының есігін ашқандай еді. Жар сүйді, ана атанды. Жас отбасының қызығын енді көріп жүрген шағында тағдыр оған тым ауыр сынақ дайындап қойған екен. Қызы бір жасқа да толмай жатып, қатерлі дертпен бетте-бет келді.

Айдананың ауыр сырқатқа шалдыққанын ел болып емге қаражат жинау басталғанда ғана білдім. Сол хабарды естігендегі көңіл күйімді сөзбен жеткізу қиын. Жаныңа жақын адамның басына түскен ауыр сынақты сырттай ғана бақылап тұрудың өзі қандай қиын екенін сонда сезіндім. Қолымнан келгенше қолдау білдіруге тырыстым. Әлеуметтік желідегі парақшама күн сайын жазба жариялап, көпшілікті сауапты іске үн қосуды сұрадым. Бұл – азаматтық парыз ғана емес, өзім ерекше қадірлейтін қарындасым-



ның амандығын тілеген көңілдің әрекеті еді.

Бір күні оның чатқа жазған хабарламасын көріп, аудандық «Қазпошта» филиалында да қызмет ететін жан құрбысы Айжанға қуанып барып:

– «Тамаша! Айдана жазыпты ғой. Бұйырса, бәрі жақсы болады...», – дегенім әлі күнге дейін жадымда.

Көп ұзамай Айдананың өзі де хабарласты.

– «Ағатайым, қолдауыңызға көп рақмет. Түркияға емге бара жатырмын. Жақсарыма сенемін. Әлі талай әңгімелесеміз...», – деді.

Сол сәтте оның дауысынан үміт сезілді. Мен де сол үмітке сенгім келді. Жігер беретін сөздер жаздым. Түркияға аттанар күні ақ жол тілеп, аман-есен оралып, бұрынғыдай ұзақ отырып әңгімелесетін күндерді асыға күтетінімді айттым.

Алайда адамның жоспары болғанымен, тағдырдың өз жазуы бар екен...

Айдана ем іздеп туған жерінен өз аяғымен аттанды. Аудан болып ақ тілептімізді арнадық. Бірақ туған топырағына табытпен оралды...

Сол күннен бері жүрек кейбір ақиқатқа әлі де сенгісі келмейді.

Қырық күні де өтті...

Ал он бірінші шілдеде ол небәрі отыз бірге толар еді.

Енді сол күн келген сайын туған күнін емес, тағдырдың тым ерте үзілген тұсын еске алатын болдық.

Телефонымдағы нөмірін әлі өшіре алмай жүрмін. Кейде соған ұзақ қарап отырып қаламын. Өшірсем, өмірімен де біржола өшіп кететіндей сезіледі. Қоңырау шалғым келеді... Бірақ арғы жағынан бағыдай: «Ағатайым...» деп жауап бермейтінін білемін.

Жақында Айдананың туған інісі, бүгінде өзі еңбек еткен Жастар ресурстық орталығында қызмет атқаратын Қайсар хабарласты. Айдананың туған күні қарсаңында еске алу мақаласын жариялау жайын ақылдастық. Әңгіме арасында оның:

«Ағай, бәрі аяқасты болды. Біз де бұлай болады деп ойлаған жоқпыз. Әлі күнге дейін сенбеймін. Қазір есіктен күліп кіріп келетіндей көрінеді. Амал қанша, Алланың жазғанына көнеліміз...», – деген сөздері өзегімді тағы да өртеп өтті.

Бірақ мені одан да қатты толқытқан Қайсардың кейінгі сөзі болды.

«Айдана сізді көп айтатын. "Менің ағайым" деп мақтал отыратын. Бес жыл бірге жұмыс істедік. Сол уақыттың бәрінде сіз туралы жақсы сөзін естіп өстім. Айданадай бола алмаспын, бірақ сізге қолдан келгенше көмектесуге дайынмын. Айдананың үмітін ақтағым келеді...», – деді.

Сол сәтте бір нәрсені анық түсіндім.

Жақсы адамның ғұмыры үзілгенімен, оның тәрбиесі үзілмейді екен. Оның мейірімі де, адамдарға деген құрметі де өзі кеткен соң басқа жүректерде өмір сүре береді екен. Айдананың өмірден кейін де адамдарды жақындастырып тұрғаны – соның дәлелі.

Өткен күні Қайсармен бірге Айдананың мәңгілік мекеніне барып, Құран бағыштадық, Зират басындағы үнсіздік көп сөзден салмақты екен. Сол үнсіздіктің ішінде оның күлімдеген жүзі, сабырлы үні, әр кездескен сайын айтатын «Ағатайым...» деген бір ауыз сөзі қайта-қайта есіме орала берді. Кейбір адамдардың жоқтығы дәл сонда ғана жанға анық сезіледі екен.

Айдана Оразханқызы өмірден ерте өтсе де, соңына өшпейтін із қалдырды. Ол ешкімнің көңілін жаралаған жоқ. Ешкімге биіктен қараған жоқ. Қайда жүрсе де адамдарды жақындастырып, жақсылыққа ұйыстырып жүрді. Оның абыройын қызметі емес, кісілігі асқақтатты. Сондықтан да оны таныған әр адамның жүрегінде бүгін сағынышпен бірге зор құрмет өмір сүріп келеді.

Мен бұл жолдарды қаралы хабарды көбейту үшін жазған жоқпын. Газет бетіне кезекті некролог жариялау да мақсатым болған емес. Менің бар тілегім – Айдана Оразханқызының жарқын болмысын уақыттың шаңына көміп жібермей, оны таныған жандардың жүрегіндегі құрметті кейінгі ұрпаққа аманаттау еді.

Өйткені кей адамдардың ескерткіші мәрмөрдан да, граниттен де тұрғызылмайды.

Олар адамдардың жүрегінде бой көтереді.

Айдана Оразханқызы сондай ескерткішке айналған жан.

Өмірде ибалығымен, жақсы мінезімен, жақсылыққа жақын жүрегінің сәулесімен айналасына шыр айырып жүрген Айдана Оразханқызы...

Енді сол сәуле сағынышқа айналды.

Бірақ ол өшкен жоқ.

Ол өзін таныған адамдардың жүрегінде әлі де жарық болып жанып тұр.

Жаратқан Ием жаныңды жәннаттың төрінен нәсіп етсін, Айдана!

Ал бізге сен туралы сағынышпен еске алу ғана емес, сенің өміріңнен қалған жарықты өшірмей, жүрегімізде аманаттай білу қалды.

Егенберлі Әбдіраев.



ЕЛ ИГІЛІГІ — ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Денсаулық сақтау саласында қандай оң өзгерістер бар?

– Халық денсаулығы – басты құндылық. Осы бағытта да бірқатар жұмыстар атқарылды. Аралтоғай дәрігерлік пунктін күрделі жөндеуден өтті. Ұлғайсын ауылында жаңа медициналық пункт салынып, пайдалануға берілді. Қазіргі таңда медицина қызметінің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Милы ауылына медбике маманын тарту мәселесі де күн тәртібінде тұр.

– Соңғы жылдары округте жүзеге асқан ірі жобаларды атап өтсеңіз.

– Әр жыл ауыл тарихында өзіндік із қалдырды десек артық емес. 2019 жылы Аралтоғай ауылына су құбыры тартылып, тұрғындар таза ауыз сумен қамтылды. Сол кезеңде интернет желісі де жүргізілді. 2021 жылы газдандыру жобасы жүзеге асып, жүздеген тұрғын үй мен әлеуметтік нысан көгілдір отынға қосылды. Кейін бұл жұмыстар Қияқты мен

Ұлғайсын ауылдарында жалғасын тапты.

Жол инфрақұрылымын жақсарту, көшелерді жарықтандыру, балалар ойын алаңдарын салу, медициналық нысандар тұрғызу, ауылдарды сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен іске асырылды. Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасы арқылы ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несие беріліп, жаңа кәсіптер ашылды. Бұл – ауыл экономикасының дамуына серпін берген маңызды бастамалардың бірі болды.

– «Жігер»шаруа қожалығының басшысы Талған Тельманов өз ағайындарымен бірігіп екі гектарға картоп отырғызды.Ауылдық округ әкімінің қолдауымен бір жарым гектар жер жырттылып, дайындалып берілген соң 23 ауыл тұрғыны көкеніс екті. Бұл да ауылдың арзан інімді тұтынуға мүмкіндік береді.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Әрбір атқарылған істің артында халықтың сенімі мен үміті тұра-

ды. Сондықтан алдымызда тұрған міндеттер де аз емес. Ұлғайсын ауылындағы жаңа мектеп мәселесін шешу, ауылшілшік жолдарды кезең-кезеңімен жаңарту, спорт және әлеуметтік нысандар салу, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстарын жалғастырамыз. Қазірдің өзінде Қияқты ауылында шағын футбол алаңы, Ұлғайсын ауылында өрт сөндіру бекеті, ал Аралтоғай ауылында ветеринариялық бекет құрылыстары жүргізілуде. Мұның бәрі тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар.

– Әңгімеңізге рақмет.

– Рақмет. Ауылдың дамуы – бір адамның емес, бүкіл елдің ортақ еңбегінің нәтижесі. Біз үшін ең үлкен жетістік – тұрғындардың тұрмыс деңгейінің жақсаруы, жастардың туған жерден болашақ көруі және ауылдардың жылдан-жылға көркейе түсуі. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Сұхбаттасқан Е.Ырғызұлы.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.